

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

Министерство образования и науки Республики Казахстан
Национальная академия образования им. И. Алтынсарина



**Ұлттық тілде оқытылатын мектептерде
«Математика» пәнін көптілді оқыту бойынша
әдістемелік ұсынымдар**

Әдістемелік ұсынымдар

**Методические рекомендации
по полиязычному изучению предмета «Математика»
в школах с национальным языком обучения**

Методические рекомендации

Астана
2013

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесі шешімімен баспаға ұсынылды (2013 жылғы 20 қарашадағы № 5 хаттама).

Рекомендовано к изданию решением Ученого совета Национальной академии образования им. И.Алтынсарина (протокол № 5 от 20 ноября 2013 г.).

Ұлттық тілде оқытылатын мектептерде «Математика» пәнін көптілді оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар . Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 22 б.

Методические рекомендации по полиязычному изучению предмета «Математика» в школах с национальным языком обучения. Методические рекомендации. – Астана: Национальная академия образования им. И.Алтынсарина, 2013. – 23 с.

Әдістемелік ұсынымдарда «Математика» пәнін көптілді оқыту мәселесі қарастырылады. «Математика» пәнін көптілді оқытудың дидактикалық тәсілдері суреттелген. Пән бойынша оқушылардың тілдік құзыретін және функционалды сауаттылығын дамыту дағы жұмыстың мазмұны, әдістері және нысандары бойынша ұсыныстар беріледі.

Бұл басылым мектеп басшылары мен мұғалімдерге, әдіскерлерге, білім беру басқармалары мен бөлімдерінің қызметкерлеріне арналады.

В методических рекомендациях рассматриваются вопросы по реализации полиязычного изучения предмета «Математика». Описаны дидактические подходы к полиязычному изучению предмета «Математика». Даются рекомендации по содержанию, методам и формам работы по развитию языковой компетенции и функциональной грамотности школьников по предмету.

Данное издание адресовано руководителям и учителям школ, методистам, работникам управления и отделов образования.

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық
білім академиясы, 2013

© Национальная академия образования
имени И. Алтынсарина, 2013

Кіріспе

*«Өзге тілдің бәрін біл,
өз тіліңді құрметте»
Қадір Мырзалиев*

Бүгінгі күні, технологияландыру және жаһандану дәуірінде баса мәдениеттермен сұхбаттасуға қабілетті, өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеу механизмдерінің тиімді жағдайларын іздестіру үдерісін арттыру байқалады. Әлемнің өзара байланысты және өзара тәуелді жағдайында жас ұрпақты даярлаудың пәрменді құралы – көптілділік болып табылады.

Мемлекеттік тілдің қызмет ету саласын кеңейту, оның бәсекелестікке қабілеттілігін арттыру тұжырымдамасы, мемлекеттік тілді оқыту сапасын жақсарту, қоғамдық өмірдің барлық саласында мемлекеттік тілдің қызмет етуін қамтамасыз ету, ұлтаралық келісім мен қазақстандық патриотизмді нығайту факторы ретінде оның рөлін арттыруға бағытталған және бағытталады болады да.

Қазақстан Республикасының тіл саясаты тұжырымдамасында, орыс тілі ғылым мен техниканың әр түрлі салалары бойынша ақпараттың негізгі құралы, таяу және алыс шет елдермен байланыс құралы ретінде анықталады.

Сонымен бірге, әлемдік тілдерді, оның ішінде ағылшын тілін, білмей әлемдік экономикалық кеңістікке кіруді елестету мүмкін емес. Оның қарқынды оқытылуына байланысты, көптеген қазақстандықтар үшін тілдік ахуалдың толық мөлшерде көптілділік екенін көрсетуге болады. Яғни, бүгінгі күні қазақстандық қоғамға тән қостілділік біртіндеп көптілділікке ауыса бастауда.

Кез келген тілді оқу, осы тілді таратушы мәдениетті оқып білуден қолдау табуы тиіс. Әрі бұл үдеріс, әр түрлі жазықтықта емес синкретті түрде өтуі тиіс. Осыған байланысты нәтижесі қоғам азаматтарының көптілділігі болуы тиіс, көп лингвомәдениетті білім туралы айту орынды болар еді. Өз ұлтының өкілі сезімін нығайтатын ана тілі, ғылыми-техникалық ақпарат көзі ретінде орыс тілі, әлемдік қоғамда өздігінен теңесуге адамның қабілетін дамытатын шет ел және басқа да халықтық тілдер осы көптілдіктің қосылғыштары болуы тиіс.

Сондықтан, адамның өмірдің жаңа әлеуметтік - саяси және әлеуметтік - мәдени болмысына бейімделуінің басты көрсеткішінің бірі ретінде, тілді оқу қазіргі уақытта ғылыми-теориялық және ғылыми-тәжірибелік өзекті міндет болып отыр. Одан баса, тәуелсіздік кезеңінде қалыптасқан тілдік саясат пен тілдік ахуалдың дәстүрлі тұжырымдамасын жаңаша ұғыну қажеттілігі дұрыс туындап отыр.

Бұл мәселенің қазіргі Қазақстанның тілдік ахуалына қолдануға келетіндігі аса айын екендігі, «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан Республикасы Президенті Н.А. Назарбаевтің жолдауында көрсетілген. Мұнда, елдің және оның азаматтарының бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету мақсатында «Тілдердің үштұғырлылығы» мәдени жобаны кезең - кезеңмен жүзеге асыру ұсынылған. Оған сәйкес үш тілді: мемлекеттік тіл ретінде қазақ

тілін, ұлтаралық қатынас тілі ретінде орыс тілін және әлемдік экономикаға табысты кіру тілі ретінде ағылшын тілін дамыту қажет.

Көптілділік әлемнің өзара байланысты және өзара тәуелді жағдайында жас ұрпақты даярлаудың пәрменді құралы ретінде қарастырылады. Осыған байланысты қазіргі әлемдегі тілдердің рөлін түсіну, тілдерді оқыту және тілдік даярлық деңгейін арттыру мәселесі біздің алдымызға қойылып отыр. Көптілдік жүйесіндегі оқыту принциптерінің жүйесі: қазақ тілі – орыс тілі – ағылшын тілі. 2007 жылғы Қазақстан Республикасының білім туралы заңына сәйкес, меншік түріне қарамастан барлық білім беру ұйымдары, оқушылардың қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде білуін, сондай-ақ тиісті білім деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес орыс тілін және шет ел тілдерінің біреуін оқуын қамтамасыз етуі тиіс.

Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрі А. Сәрінжіпов «Нұр Отан» ХДП аймақтық партия конференциясында сөйлеген сөзінде, әлемнің әлді әрі дамыған елдерімен қатар үлкен жетістіктер мен табыстарға қол жеткізуге тек қана білімді ұлт қабілетті екенін атап өтті. Сондықтан, егеменді мемлекеттің дамуында білімнің рөлі – ең маңыздылардың бірі деп ерекше көңіл аударды.

Білім беру үдерісіне жаңа ақпараттық технологияларды енгізу, балаларды оқытуда қазіргі заман техникасын пайдалану, дүниежүзілік интернет желісіне қосылу, ағылшын тілін білу – осылардың барлығы қазіргі білім беру мекемелерінің жоспарында бірінші болып тұруы тиіс деп аңғартты министр. Әрине, әлемнің озық елдерімен қатар болу үшін, біздің балаларымыз қазіргі заман технологияларымен таныс болулары, ағылшын тілін түсініп және сөйлей білулері керек.

Көптілді білім беру – білім берудің сапасын арттыру және барлық этникалық топтардың өкілдеріне жоғары білім алуда бірдей мүмкіндікпен қамтамасыз ету, сәйкесінше кәсіптік және әлеуметтік жоспарда алға жылжу үшін жақсы жағдайлар туғызудың тиімді құралы болып есептеледі. Орыс, ұйғыр, өзбек тіліндегі мектептердің орта және жоғары сыныптарында мемлекеттік тілді пән ретінде ғана оқытпай, бір немесе бірнеше пәнді (тарих, география, математика және т.б.) қазақ тілінде оқыту мектеп бітірушінің қазақ тілінде жоғары оқу орнында білімін жалғастыру деңгейіне жетуге мүмкіндік береді. Мұндай модель қазақ, ұйғыр немесе өзбек тіліндегі мектептерде орыс тілін білуде жақсы деңгейге жетуде де және шет ел тілін меңгеруді мақсат еткен кезде де тиімді бола алады. Ана тілі емес тілді оқыту құралы ретінде пайдаланудың маңызды шарты, оқушылардың оны жетік меңгеруі және даярлығы бар пән оқытушыларының бар болуы болып табылады.

1 Пәнді көптілді меңгеруің тәжірибесінен

Елдің индустриялы-жаңашылдық дамуы жағдайында, білім беру іс-әрекетінде көптілді мәдениет пен көптілді білімді дамыту мен енгізу қажеттілігі ерекше маңыздылыққа ие болуда.

Әлемдік стандарт деңгейінде сапалы білімнің негізгі бағыттарын анықтау үшін Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрлігінің 2007 жылғы 7 тамыздағы № 387-ші бұйрығы негізінде 2007 -2008 оқу жылынан бастап, дарынды балалар үшін 31 мамандандырылған мектепте үш тілде оқытуды енгізу бойынша жаңа білім беру жобасын жүзеге асыру басталған болатын.

Қазақ-түрік лицейлері, дарынды балаларға арналған облыстық мектеп-интернаттар, «Мирас» халықаралық мектептеріндегі көптілді оқытуды жүзеге асыру бойынша о тәжірибені ескере отырып, мектептерде 7 -ші сыныптан бастап үш тілде оқытуды кезең -кезеңмен енгізу туралы Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрлігі шешім қабылдады. Онда, жаратылыстану-математика циклы әндерінің біреуі немесе бірнешеуін ағылшын тілінде, орыс тілді мектептерде қазақ тілі мен әдебиетін, Қазақстан тарихын – қазақ тілді мектептердің бағдарламасы бойынша қазақ тілінде; қазақ тілді мектептерде орыс тілі әдебиетін – орыс тілді мектептерді бағдарламасы бойынша орыс тілінде оқыту көзделген болатын.

Бүгінгі күні білім беру жүйесінде мектеп әндерін көптілді оқытудың бірінғай әдістемесі болмағандықтан, осы салада ғылыми зерттеулер жүргізу туралы мәселенің маңыздылығы артуда.

Білім беру жүйесінде көптілді оқыту байқаудан өткен елдердің (Канада, Белгия) оң тәжірибесі негізінде, пәндерді бірнеше тілде оқуға кезең -кезеңмен көшу қажеттігін атап өту керек, өйткені күрт көшу материалды игеру сапасына ғана емес, оқушылардың пәнді оқуды қаламайтындығын күшейтуде келеңсіз әсер етуі мүмкін. Осыған байданысты ең бірінші, стандартты емес сабақ түрлерін өткізуге негізделген, оқытудың жаңа әдістерін қолдана отырып, көптілді оқытуды сабақтың жекелеген үзінділеріне енгізу ұсынылады.

Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрлігінің мәліметтері бойынша, Қазақстанда 2012 -2013 оқу жылынан бастап үш тілде оқытуды 33 мектеп жүзеге асыруда, оларда жаратылыстану-математика бағыты пәндері ағылшын тілінде оқытылады.

Сонымен бірге, ға алапарар тұжырымдамалық көзқарастарды, стандарттарды, орта білімді әдіснамаларын байқаудан өткізуде базалық алаңқай «Назарбаев зияткерлік мектептері» болып табылады.

Бұл бағдарламаны табысты жүзеге асыру үшін, білімді ғана бағалау үшін емес дағдыларды да, сондай -ақ пәндердің мазмұнына тәрбиелік құраушыны кіріктіре отырып, оқу үдерісін бағалау жүйесін енгізіп, жалпы білім беретін мектептерге тәжірибені тарату үшін көптілді оқытудың эксперименттік бағдарламасын жасау қажет.

Одан бөтен, педагогикалық қызметкерлердің біліктіліктерін арттыру формасы мен мазмұны жетілдірілуде. «Өрлеу» АҚ Педагогикалық кадрларды қайта даярлау Ұлттық орталығы және «Назарбаев зияткерлік мектептері»

жанынан, бес жылда 125-тен астам мұғалімдерді қамтуға мүмкіндік беретін педагогикалық шеберлік орталықтары құрылған.

«Назарбаев зияткерлік мектептерінде» 2012 жылдың 1 қыркүйегінен бастап үш тілді білім беру жаңа моделі жүзеге асырылуда. Осы кіріктірілген білім беру бағдарламасы мен бұл моделдің пәндері бойынша барлық оқу жоспарлары стратегиялық серіктес – Кембридж Университетінің емтихандық кеңесімен бірлесіп жасалған.

Кіріктірілген білім беру бағдарламасының тілге ену тұрғысынан айырмашылығы бар, әр түрлі екі моделі бар.

Бірінші модель бастауыш сыныптарда қу тілінде оқытуды қарастырады. Бастауыш сыныптардан кейін, қазақ тілінде оқытын оқушылар үшін бір қатар пәндер орыс тілінде беріле бастайды. Бұдан басқа, математика, физика, химия, биология, экономика және «Зерттеудің ғаламдық болашағы» сияқты пәндер ағылшын тілінде жүргізіледі, әдебиет қазақ және орыс тілдерінде беріледі, география, Қазақстан тарихы және «Жаңа әлемдегі Қазақстан» атты жаңа пән мемлекеттік тілде жүргізілетін болады.

9-шы және 10-шы сыныптарда ендігі «Team-teaching» принципі бойынша жұмыс жүргізілуде, мұнда сыныпта екі мұғалім жұмыс істейді – ағылшын тілінде жеткізуші және оқу тілінде сабақ беретін мұғалім. Сөйтіп, оқушыларды пәндерді толығымен ағылшын тілінде меңгеруге дайындайды.

Сондай-ақ, қазақ тіліне толығымен енуді қарастыратын екінші модель енгізіледі. Бұл моделге сәйкес, 1 сыныптан бастап барлық пәндер мемлекеттік тілде оқытылады, орыс тілі пән ретінде екінші сыныпта енгізіледі, жұмыс сондай-ақ «Team-teaching» принципі бойынша жүргізілетін болады.

2 Пәнді көптілді меңгерудің дидактикалық тұрғысы

Қазақстан Республикасының «Тілдер туралы» заңында, Қазақстан Республикасының әрбір азаматы мемлекеттік тілді, орыс және ағылшын тілдерін меңгеруі және еркін қатынас жасай алу қажеттілігі атап көрсетілген, дегенмен жасаған оқыту әдістері қазақ, ағылшын тілдерінде тілдік емес пәндерді оқу жағдайына сай емес.

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясында, «Орта және жоғары мектеп жүйесінде көптілдік білім беруді ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету» атты ғылыми жобасы шегінде п.ғ.д. К.Н. Булатбаеваның ұсынған тілдік емес пәндерді оқытудағы когнитивті-коммуникативтік әсілі жүзеге асырылуда. Когнитивті-коммуникативтік технология, тілдік ~~әсілі~~ оқыту жағдайында көптілді (орыс-қазақ-ағылшын, қазақ-орыс-ағылшын, ұйғыр/өзбек/тәжік-қазақ-орыс) тұлғаны қалыптастырудың тиімді жолдарының бірі ретінде көрсетілген.

Оқытудың когнитивті-коммуникативтік әсілі, бірнеше тілді меңгеруге қолжеткізуге мүмкіндік беретін принциптерге негізделеді. Ол:

- жүйелілік принцип, оны басшылыққа алу білім беру стандартына сәйкес пәнді меңгеруді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді;

- мұғалімге материалды белгілі бір құрылымдауға мүмкіндік беретін семантикалық принцип (параграфты ұсақтау, ұқсас материалдарды топтап беру, таратушы компоненттерді таңдап алу, тақырыптың когнитивті құрылымын құру, оның негізінде кесте және схемалар жасау, бөлімдерді тұтастырып біріктіру, белгілі типтеқырыпты семантикалық ұйымдастырудың алгоритмін пайдалану және т.б.);

- функционалды дайындалған тілдік бірліктің ойын пайдалануға мүмкіндік беретін функционалдық принцип

Бұл әдістемелік құралда, ұлттық тілде оқытылатын мектептерде «Математика» пәнін оқыту жағдайына аталған технологияны бейімдеу міндеті алға қойылған. Ол үшін 11-жылдық мектептің 10 сыныбына арналған «Геометрия» оқулығының мазмұны талданды. Пән бойынша мемлекеттік тілде тест тапсыруға және мемлекеттік тілде оқытатын жоғары оқу орындарына түсуге оқушыларды дайындау қажеттілігінен осы пәнге таңдау жасалды.

Осы мақсатта әрбір тақырып бойынша терминологиялық минимум таңдап алынды, синтаксистік құрылымның грамматикалық қатарын құрылымдау жасалды. Оқу тақырыбын минимумдау негізінде, пәннің қажетті көлемін сақтай отырып қылатын материалдың тілдік аспектісінде ықшамдалған базасы дайындалды.

Сондықтан, **пәннің стандарт бойынша қажетті білім беру мазмұнын қамтамасыз етуді – дидактикалық тәсілдердің бірі** деп есептеу керек.

Оқу-әдістемелік кешендері (ОӘК), екі/үштілді оқулықтар, оқу құралдары, терминологиялық сөздіктер, басқа да сөздіктер, тілдік пәндер бойынша жұмыс дәптерлері, сондай-ақ мультимедиялық ресурстары (тілдік орталықтар,

Интернет ғаламдық желісі, спутниктік теледидар, электронды кітапхана) және т.б. сияқты арнайы дидактикалық құралдармен қамтамасыз етілмей бұл үдеріс оқыту міндеттерін шешуге жеткізбейді.

Бұл дидактикалық материалдарды талдай келе, тілдік емес пәндер бойынша олар екінші тілде қытылатын мектептерде оқулықтар және оқу -әдістемелік құралдары жеткіліксіз екендігі туралы тұжырым жасауға болады. Қазақстанның ұлттық мектептерін (орыс тіліндегі мектептерден басқасы) мемлекеттік тілдегі оқулықтар және ОӘК-мен қамтамасыз ету мүлдем қарастырылмаған. Тиісті бейімдеусіз қазақ тіліндегі оқулықтарды ұйғыр, өзбек және тәжік тіліндегі мектептерге тікелей өшіру, МЖМБС -да берілген қығудың күтілетін нәтижелеріне жеткізе алмайды.

Көптілді білім беруді ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету: оқыту тілінде (мектептің бастауыш сатысында) ОӘК-ін (оқу -әдістемелік кешенін, пәндердің типтік жоспарларын қоса) пайдалану және жетілдіру; мемлекеттік тілде қазақ тілі, қазақ әдебиеті, Қазақстан тарихы, қазақстан географиясы бойынша ОӘК-ін жасау және кезең-кезеңмен пайдалану; орыс тілі мен орыс әдебиеті бойынша – орыс тілінде; жалпы тарих, жекелеген математикалық және жаратылыстану ғылымы пәндері бойынша – шет ел тілі, әбінесе ағылшын тілінде және т.б. (мектептің орта және жоғары сатысы); Қазақстан жағдайына шетелдік ОӘК-ін (білім берудің барлық деңгейі және білім беру ұйымдарының барлық типтері үшін) бейімдеу; «Жалпы кәсіби шет ел тілі» және «Арнайы мақсат үшін шетел тілі» (орта кәсіби және жоғары кәсіби білім беру) пәндері бойынша ОӘК-ін жасауды және пайдалануды ойластырады.

Мектептерге қойылған міндеттерге байланысты, «Пәнді екінші/үшінші тілде оқыту әдістемесі» пәні бойынша (орта кәсіби және жоғары кәсіби білім беру) педагогикалық мамандықтар үшін ОӘК -ін жасау әже пайдалану қажеттілігі пайда болады. Сондықтан Академияның, біліктілікті арттыру Институттары, педагогикалық жоғары оқу орындары жұмыстарымен өзара тығыз байланысы қажет.

Келесі дидактикалық тәсіл, белгілі бір сыныпта пән бойынша маңызды терминдерді таңдап алу болып табылады . Ол үшін, міндетті меңгерудің маңызды түсініктік аппараты қызметін атқаратын екі/үштілдік сөздік жасалды. Бұл арада «Геометрия» пәні шегінде көптілдікті дамытудың қолайлы шарты, халықаралық терминдердің бар болуы болып табылады. 10 сыныпта кездесетіндері: *геометрия, стереометрия, планиметрия, аксиома, параллелограмм, проекция, координата, формула, абсцисса, вектор, ордината, фигура, симметрия, параллель, центр, радиан, градус, радиус, теорема, математика, куб, ромб, параллелепипед, пирамида, тетраэдр, перпендикуляр, медиана, катет, гипотенуза, октант, периметр, орт, скаляр, модуль, диагональ.*

1-кесте – Геометрия бойынша үш тілдегі 10 -сыныпқа арналған тақырыптық сөздік

I бөлім. Стереометрия аксиомалары және олардың қарапайым салдарлары
Глава I. Аксиомы стереометрии и простейшие следствия из них

қазақ	орыс	ұйғыр	өзбек
кеңістік	пространство	бошлуқ	фазо
плоскость	жазықтық	тәкшилиқ	текислиқ
точка	нүкте	чекит	нуқта
прямая	түзу	түз	тўғри чизик
отрезок	кесінді	кесиндә	кесма
салдар	следствие	ақивәт	натижа
тиісті	принадлежит	тәәллүқ	тегишли
тиістілік	принадлежность	тәәллүқлүқ	тегишлилик
жартыжазықтық	полуплоскость	йерим тәкшилиқ	ярим текислиқ
жартыкеңістік	полупространство	йерим бошлуқ	ярим фазо

II бөлім. Түзулер мен жазықтықтардың параллельдігі
Глава II. Параллельность прямых и плоскостей

параллельдік	параллельность	параллельлик	паралеллик
угол	бұрыш	булуң	бурчак
треугольник	үшбұрыш	үчбулуң	учбурчак
айқас	скрещивающийся	айқаш	айқаш
қыр	ребро	қир	қирра
эквиваленттік	эквивалентность	эквивалентлик	эквивалентлик
белгі	признак	бәлгү	аломат
сызық	линия	сизик	чизик
қасиет	свойство	хусусийәт	Ҳосса
кескін, кескіндеу	изображение	тәсвирләш	тасвир
чертеж	сызба	сизилма	чизма
төртбұрыш	четырёхугольник	төртбулуңлүқ	тўртбурчак
қатынас	отношение	нисбәт	нисбат
орта	середина	оттуриси	ўрта
үшбұрыш	треугольник	үчбулуңлүқ	учбурчак
теңқабырғалы	равносторонний	тәңтәрәплиқ	тенгтомонли
тікбұрышты	прямоугольная	тик төртбулуңлүқ	тўғрибурчакли
шаршы	квадрат	квадрат	квадрат
көпжақ	многогранник	көпәқлик	кўпёқ
қима	сечение	қийилма	кесим

III бөлім. Түзулер мен жазықтықтардың перпендикулярлығы
Глава III. Перпендикулярность прямых и плоскостей

перпендикулярлық	перпендикулярность	перпендикулярлик	перпендикулярлик
пересечение	қиылысу	қийлишиш	кесишиш
сәуле	луч	шола	нур
теңбүйірлі	равнобедренный	тәң янлик	тенгёнли
табаны	основание	асаси	асос
биіктік	высота	егизлик	баландлик
теңдік	равенство	тәңлик	тенглиқ
көлбеу	наклонная	янту	оғма
қашықтық	расстояние	арилиқ	масофа

екі жақты	двугранный	икки яқлик	иккиёқли
жартытүзу	полупрямая	йерим түз	ярим тұғри чизик

IV бөлім. Кеңістіктегі векторлар
Глава IV. Векторы в пространстве

жартыось	полуось	йерим оқ	ярим ўқ
ось	ось	оқ	ўқ
төбе	вершина	чокқа	уч
қозғалыс	движение	Һәрикәт	ҳаракат
бағыт	направление	йөнилиш	йўналиш
коллинеарлық	коллинеарность	коллинеарлиқ	колленеарлик
ауыстырымдылық	переместительный	алмаштуруш	ўрин алмаштириш
терімділік	сочетательный	топлаш	Группалаш
көпбұрыш	многоугольник	көпбулуңлук	кўпбурчак
жіктеу	разложение	ажритиш	ажратиш
компланарлы	компланарные	компланар	компланар
компланарлық	компланарность	компланарлиқ	компланарлик
бағытас	сонаправленные	бирдәк йөнәлгән	йўналишдош

Үшінші дидактикалық тәсіл – екінші тілдеәрбір тақырып бойынша маңызды терминдерді белсендіру бойынша арнайы жұмыс. Ол үшін сабақта пайдаланылатын терминдер тиісті грамматикалық құрылымда оқушылармен игерілуі керек. Ол баяндауыштың қызметін атқаратын етістік пен сан есімнің белсенділігін арттыруды талап етеді және айтатын сөйлемді дұрыс құруға мүмкіндік береді. Пәннің шегінде есептерді шешу кезінде жиі қолданылатын сөздер мен сөз тіркестері таңдап алынған. Олар көп емес болып шықты. Олар математиканың барлық курсына қуаттайды және белсенді математикалық сөз қорына кіреді: *будет, изображают, обозначают, получается, получаем/получим/можно получить, показывает, пересекается, принадлежит, складывается, умножается, не превосходит, переходит/переведем, построим, рассмотрим, выполним/выполняется, определим деп аталады.*

Келесі дидактикалық тәсіл – оқу мәтіндерінің грамматикалық қатарын ықшамдау (1 Қосымшаны қараңдар). Оқу мәтіндеріндегі теориялық мәліметтер мен аулық тардағы есептер сөйлемдері ұзақт ығын талдау, оқушылардың материалды ана тілі емес (екінші) тілдеқабылдауларына кедергі болып және сөзде қолданған кезде тосқауыл болатынын көрсетті. Бұл мәселені біз, күрделі грамматикалық құрылымдарды есте сақтауға да, өзінің сөзінде пайдалануға да ыңғайлы, өзара байланысты қарапайым сөйлемдер тобына түрлендіру жолымен шешіп отырмыз. Қазақ тілінде оқытылатын мектептер және ұлттық тілдегі мектептер үшін математика мәтіні тілінің салыстырмалы кестесін келтіреміз. Бұл арада біз оқыланын материалдың мазмұны көлемін жоғалтпаймыз.

2-кесте – Күрделі және ықшамдалған грамматикалық құрылымдардың мәні сақталған кездегі ара қатынасын белгілеу мысалдары

№	Ана тілінде қытылатын мектептер үшін грамматикалық құрылымдар	Ұлттық тілде оқытылатын мектептер үшін ықшамдалған грамматикалық құрылымдар
1	Стереометрия архитекторлар, конструкторлар, құрылысшылар және т.б. мамандық иелерінің ісі бар материалды объектілердің математикалық моделдерін қарастырады.	Стереометрия архитекторлар, конструкторлар, құрылысшылар және т.б. мамандық иелерінің ісі бар объектілер моделдерін қарастырады.
2	<i>Кеңістікте нүкте, түзу және жазықтық негізгі фигуралар</i> болып саналады. Оларқтамасны қабылданады.	<i>Кеңістікте</i> анықтамасыз қабылданытын <i>негізгі фигуралар – нүкте, түзу және жазықтық.</i>
3	Планиметрияда бірғана жазықтық қарастырылып, барлық фигураларды осы жалғыз жазықтықта зерттедік.	Планиметрияда барлық зерттелетін фигуралар бір жазықтықта орналас-тырылған.
4	Жазықтықты не параллелограмм түрінде, не ерікті бір шектелген аймақ түрінде бейнелейді	Жазықтықты параллелограмм немесе шектелген аймақ түрінде бейнелейді.
5	Қандай жазықтықты алсақ та, сол жазықтықта жататын нүктелер де, жатпайтын нүктелер де бар болады.	Кез келген жазықтықтың оған тиесілі де және тиесілі емес те нүктелері бар болады.
6	Тек бір ғана ортақ нүктелері бар түзу мен жазықтық қиылысушы түзу мен жазықтық деп аталады.	Қиылысушы түзу мен жазықтық, ол – бір ғана ортақ нүктелері бар түзу мен жазықтық.

Математикалық көптілді тілді меңгерудің маңызды дидактикалық тәсілі нақты тақырып шегінде функционалды-семантикалық кестеге (ФСК) сүйену болып табылады. ФСК оқушылардың санасында оқылатын тақырыптың когнитивтік құрылымын құруға мүмкіндік туғызады. 21 ғасырдың оқушылары «көп сөзден» бас тартуда, қандай да бір теорияны қабылдауда оларға схема тілі жақын. **«Аксиомалардың қарапайым салдарлары»** тақырыбының мәнін оларға келесі кесте түрінде ұсынуға болады.

3-кесте – «Аксиомалардың қарапайым салдарлары» тақырыбы бойынша негізгі мәліметтер (10 сынып)

Теорема	Мазмұны	Дәлелдеуі
1-теорема	Түзу мен осы үзуде жатпайтын нүкте арқылы бір ғана жазықтық жүргізуге болады	1) a түзуі мен оның бойында жатпайтын D нүктесі берілген; 2) a түзуінің бойынан кез келген A және B екі нүктені белгілейміз; 3) S_2 аксиомасы бойынша A, B, D нүктелері арқылы α жазықтығын жүргізуге болады; 4) a түзуі мен D нүктесі арқылы өтетін α жазықтығының жалғыздығын дәлелдейміз; 5) Кері жорып, a түзуі мен D нүктесі арқылы өтетін екінші бір β жазықтығы бар дейік; 6) S_4 аксиомасы бойынша α және β жазықтықтары бір түзудің бойымен қиылысады және A, B, D осы түзудің бойында жатулары тиіс;

		7) Бірақ бұл шартқа қайшы; 8) Кері жоруымыз дұрыс емес; 9) Теорема дәлелденді.
2-теорема	Қиылысқан екі үзу т арқылы бір ғана жазықтық жүргізуге болады	1) C нүктесінде қиылысатын a және b түзулері берілген; 2) a және b түзулері бойынан, C нүктесінен өзге A және B нүктелерін белгілейік: $A \in a, B \in b$; 3) C_2 аксиомасы бойынша A, B және C нүктелері арқылы бір ғана α жазықтығын жүргізуге болады; 4) C_3 аксиомасы бойынша α жазықтығы a түзуі арқылы өтеді, өйткені бұл түзудің A және C нүктелері α жазықтығына тиесілі; 5) C_3 аксиомасы бойынша α жазықтығы b түзуі арқылы өтеді, өйткені бұл түзудің B және C нүктелері α жазықтығына тиесілі; 6) α жазықтығы a және b түзулері арқылы өтеді; 7) α жазықтығының жалғыздығын дәлелдейміз; 8) a және b түзулері арқылы өтетін екінші бір β жазықтығы бар дейік; 9) 1-теорема бойынша a түзуі мен оған тиесілі емес B нүктесі арқылы өтетін β жазықтығы жалғыз. Ол α жазықтығымен сәйкес келеді; 10) Теорема дәлелденді.

Мына кесте бойынша, жаңа тақырыпты мұғалімге жеке монологтік тәсілмен түсіндірудің қажеті жоқ. Сабақтың басынан бастап оқушылар жаңа тақырыпты оқуға белсенді қатысады. Ол үшін мұғалім сұрақтар қояды, ал оқушылар кестенің қандай да бір бағанасынан тірек сөздерді пайдаланып жауап береді.

1. 1-теореманың тұжырымдамасын айтып беріңдер. Түзу мен ол түзде жатпайтын нүкте арқылы неше жазықтық жүргізуге болады? Кестенің екінші бағанасын пайдаланып жауап беріңдер.

2. Бір үзудің бойында жатпайтын үш нүкте арқылы қандай аксиома бойынша жазықтық жүргізуге болады? Үшінші бағанаға қарап жауап беріңдер.

3. 2-теореманың тұжырымдамасын айтып беріңдер.

4. Қиылысқан екі түзу арқылы неше жазықтық жүргізуге болады?

5. Екі жазықтықтың бір түзудің бойымен қиылысатындығы туралы қай аксиомада айтылған?

6. Түзудің жазықтыққа тиесілігі туралы қай аксиомада айтылған?

Бұл кесте, мектептің оқыту тілінде немесе туысқандық қостілдік жағдайында (ұйғыр-қазақ, өзбек-қазақ) бірден мемлекеттік тілде мәңгеріледі. Оқушылардың ешқандай қиындықсыз интерактивті тәсілдер арқылы теориялық материалды мәңгеруге мүмкіндіктері бар. Мұндай функционалды - семантикалық кестелерді мұғалім күні бұрын дайындайды. Алайда, жаңа материалды түсіндіру үдерісінің басқа тәсілі де бар. Мұғалім оқушылармен бірге сабақта жаңа материалды қарастырып, материалды есте сақтау үшін ең құптарлық әр түрлі нұсқаларды талқылай алады. Сонан соң, олар дайындаған материал ағылшын тіліне аударылады.

Есептерді шешу және жаңа игерілген теориялық материалды алдын ала безендіріп жүрсету, сабақтың міндетті құраушысы болып табылады. Таңдап алған тақырыпқа мына мысалды келтірейік:

Мысал. Бір жазықта жатпайтын төрт нүкте берілген. Олардың кез келген үшеуі бір түзудің бойында жатпайтынын дәлелдеңдер

Дәлеледеуі.

Кері жорып, *A, B* және *C* нүктелері бір түзудің бойында жатыр, ал төртінші *D* нүктесі оған тиесілі емес деп алайық.

Сонда *1-теорема* бойынша *A, B* және *C* нүктелерін қамтитын түзу және *D* нүктесі арқылы жалғыз ғана жазықтық жүргізуге болады

Барлық төрт нүкте де бір жазықта жатыр деген, есептің шартына қайшылық пайда болады

Пайда болған қайшылық есептің тұжырымдауын дәлелдейді

Мысалды дәлелдеу кезінде математика пәні мұғалімінің әдістемелік міндеті: 1) кері жорық дәлелдеу әдісін үйрету; 2) кездесетін нүктелердің аталуын, тиесілігін екінші тілде айталауды қамтамасыз ету; 3) дәлелдеу кезінде мысалдың мәнін, кері жоруды білдіретін екінші тілдегі сөздерді сөйлеуді жандандыру; дәлелдеуді екінші тілде түсіндіру болып табылады. Дәлелдеудің барлық нұсқалары екінші тілде сыныппен бірге орындалады. Сонан соң, берілген үш нүкте жұп-жұбымен кесінділерге біріктірілген. Барлық кесінділердің бір жазықта жатқандығын дәлелдеуге жазбаша тапсырма беріледі, оқушылар дәлелдеп және өз дәлелдемелерін екінші тілде жазбаша түрде түсіндіреді. Мұғалім дәлелдегені үшін баға қояды. Екінші тілді білуі бағаланбайды, ол мақұлданып және мұғалімнің жүргізіп бастаған оқушының портфолиосына белгіленеді.

Тақырыпты игерудің келесі кезеңі (басқа сабақ), ұқсас мысалдарды екінші тілде жазбаша, сонан соң ауызша дәлелдеу болып табылады.

Егер тезаурустік деңгей басқа ғалым -лингводидактиктерде бірінші орында тұрмаса, онда оны көптілді тұлғаны қалыптастыруда ең бірінші қатарға жылжыту маңызды шарт болып табылады. **Өйткені, тілдік емес әннің мазмұнымен анықталатын дәл сол тезаурустік деңгей, «мағналы өріс» немесе «фреймді», яғни қатынас пәнін жүйелі ұсынуға мүмкіндік береді (мысалы, «Стереометрия аксиомалары» тақырыбы және т.с.с).** Сол немесе басқа тақырыптың когнитивтік құрылымы деп аталатын, әрбір тақырып бойынша құрылымдық схема салынуы керек. Қостілдікті қалыптастырған кезде кеңейтілген когнитивтік құрылымға мүмкіндік беруге болады. Ал, қолайлы сөйлеу ортасы жоқ жағдайда көптілдікті қалыптастыру үшін, бұл схемалар айтарлықтай ықшамдалады. Оларға лексика мен грамматикалық материалды іріктеу, оқу мәтіні, мысалдар тізбесі және тақырыптар бойынша деңгейлері негізінде іске асырылатын болады. Сонымен оқушылар, кесте немесе схемалық түрде берілетін «мағналы өрістер» мен «фреймдердің» когнитивтік құрылымы негізінде жаңа материалды тез игереді. Бұл арада оларға «түзу және жазықтық», «тегі-түріне ғарай қатынастар», «ұқсас құбылыстар», «қарама-қарсы құбылыстар» мағналарын игеру оңай болады.

Екінші тілді жоруды кіріктіретін тәжірибелік есептерді шешу, дәлелдеудің дидактикалық тәсілдері әр түрлі болуы мүмкін. Екінші тілдегі диалогтік қатынас тиімді тәсіл болып табылады. Ол үшін, екінші тілде екі адамға бір есеп беріледі. Олар сондай-ақ екінші тілде бұл есепті бірлесіп екінші тілде шешіп, дәлелдейді, сонан соң ауызша немесе жазбаша түрде шешу барысын суреттейді.

3 Тілдік құзыретін және пән бойынша функционалды сауаттылығын дамыту мазмұны, әдістері және нысандары бойынша ұсынымдар

Математиканы оқыту кезінде көптілдікті дамыту мақсатындағы маңызды аспект бірнеше тілдік қатар оқыту болып табылады. Бұл арада математика - мұғалімі, оқу материалын екінші, үшінші тілдерде игеруге негіз болатын оқу материалы тілін бейімдеу бойынша (сқарту, синонимдік құрылымдарды ретке келтіру, ұжымдау, қайталанатын құрылымдарды көрсету) алдын ала жұмыс жүргізуі керек.

Қазіргі уақытта ұлттық мектептер үшін мемлекеттік тілде математиканы оқыту бойынша оқу-әдістемелік әзірлемелер дайындау мәселесі қатаң қойылған.

Осы әдістемелік құралда, нақты тақырып бойынша оқу үдерісін тандап алу, өңдеу және жоспарлау механизмі ұсынылған. Осы механизмді негізге ала отырып, ұлттық (ұйғыр, өзбек, тәжік) мектептің математик-мұғалімі қандай да бір сыныпта барлық сабақтарын мемлекеттік тілде жоспарлай алады. Бұл арада:

- теориялық материалдың когнитивті құрылымымен оқушыларды қамтамасыз ету, пәннің әрбір тақырыбы бойынша функционалды-семантикалық кестеде бейнеленуі тиіс;

- қандай да бір есептерді шешу әдісі мен тәсілдерін екінші тілде талқылаудың жағдайын туғызу, оқушылардың материалды бір-біріне түсіндіруі, сынып алдында шешуді екінші тілде толық негіздеу;

- екінші тілде айтыс, пікірталасты талап ететін бірлескен топтық жұмысты ойластыру;

- берілген тақырып бойынша екінші тілде реферат жазу;

- геометрия бойынша ессе жазу;

- екінші тілде коммуникативтік құзыреттің қалыптасуына сондай -ақ мүмкіндік беретін, дәстүрлі емес сабақ (ұлы ғалым-математиктердің, инженерлердің, қандай да бір есептеу жасайтын жобалаушылар, архитекторлар және т.б. рөлі) түрлерінде рөлдік ойындарды пайдалану;

- екінші тілде логика мен терминдерді есте қалдыруды дамыту үшін, (үйге тапсырма) екінші тілде ребустар, кроссвордтар құрастыру;

- қазақ тілін меңгеруге мүмкіндік туғызатын сыныптан тыс математика саласында іс-шараларды алдын ала ескеру қажет.

Сонымен, барлық ұсынылып отырған әдістер мен тәсілдер, «Геометрия» пәні бойынша оқылатын тақырыптар шегінде, бірнеше тілде (біздің жағдайда – ұйғыр, өзбек және тәжік тілдерінде) оқушылардың коммуникативтік құзыреттерін қалыптастыру және дамытуға қызмет етеді. Қорытындысында, оқу үдерісін қостайтын көптілдікті дамытудың әдістемелік жолдары, лексикалық минимумының өрістік тұсаукесері негізінде оқылатын тақырып бойынша мемлекеттік тілде өздік қорын байыту болып табылады; шағын тақырыптар бойынша маңызды сөйлеу интенцияларын рәсімдеу үшін қажетті белсенді типтік құрылымдар минимумы негізінде оқылатын тақырып шегінде қазақ сөзінің грамматикалық қатарын байыту; оқылатын тақырып шегінде қазақ

тілінде диалогтік қатынас жасай білуді дамыту; математика бойынша оқылатын тақырып шегінде қазақша монологтік тілді дамыту.

Математика сабақтарындағы көптілдікті дамытудан күтілетін нәтижелер:

- оқылатын тақырыптың когнитивті құрылымын меңгеру (тақырыпты ашу үшін қажет шағын тақырыптар тізбесі);

- математика саласына қызмет ететін қазақ тіліндегі жеткілікті лексикалық, оның ішінде терминологиялық минимумды меңгеру;

- математика бойынша оқылатын тақырып шегінде белсенді типтік грамматикалық құрылымдарды меңгеру;

- математика бойынша оқылатын тақырыптың маңызды бағыттары бойынша диалог жүргізе білу;

- «Геометрия» пәнінің нақты тақырыбы бойынша қазақ тілінде монолог өндіре білу;

- математика бойынша қазақ тілінде тест тапсырмаларына жауап беру қабілеті;

- орта білімнен кейін «Математика» бағдарлы пәні болатын қазақ тілінде оқитын топтарда білімін жалғастыруға даярлығы болуы керек.

Қорытынды

Әлемдегі ең дамыған елу елдердің қатарына ену міндеті мектептік білімнің алдына жаңа мақсаттар қояды, олардың арасынан бастысы – бәсекеге қабілетті, жанжақты дамыған тұлғаның қалыптасуын атап көрсетуге болады. Тек бәсекеге қабілетті адамдар ғана бәсекеге қабілетті мемлекетті қалыптастыра алады. Ол шығармашылықпен ойлайтын, дамыған ой-өрісі бар, рухани бай және адамгершілігі жетілген, онымен қоса бірнеше тілді меңгерген адамдар. Көптілді білім – көп мәдениетті тұлғаның қалыптасуының өзекшесі, біздің ғасырымызда ерекше артып отырған қоғамдық қажеттілік.

Адам өмірі салтының қазіргі жағдайында белгілі түрде бір ізге түсіріліп, көптеген ұлттық ерекшеліктер өшіп, адамның өз түп тамырынан байланысын жоғалтып, өткен ұрпақтардың өнегелі тәжірибесі құнсызданып кетуі байқалады. Сондықтан, мұғалімнің алдында маңызды міндет тұр, ол – әлеуметтік-белсенді тұлғаны қалыптастыруға мүмкіндік беретін, қолайлы білім беру ортасын жасауда барлық бірегей тәжірибе мен білімдерді, халықтардың мәдени дәстүрлерін, жалпыадамзаттық құндылықтарды және әлемдік мәдениетті пайдалану. Яғни, бәсекелестікке қабілетті маманды, көпұлтты және көптілді ортада белсенді де тиімді тіршілік етуге қабілетті, басқа мәдениеттерді құрметтеуде дамыған түсінігі мен сезімі бар, татуән бірлікте өмір сүре білетін дұрыс тұлғаны қалыптастыру үшін көптілді білім беру қажет.

Оқушылардың оқу тілі ресми емес немесе елдің мемлекеттік тілі емес аймақтарда, оқыту мүмкіндігін бір келкі қамтамасыз ету маңызды. Нақты аймақтың ерекшеліктерін ескеріп, жасалған көптілді білім берудің әр түрлі моделдерін енгізу осы мақсатқа жетуге мүмкіндік жасай алады.

Екі жағдайда, тілді пән ретінде оқытуда және көптілді білім беруде ұтымды баланысты сақтау маңызды:

- қандай да бір мәдениеттің құндылықтарын елемеушілікке және жалаң прагматизмге жол бермей, қазіргі заманғы оқушының қатынасқа нақты мұқтажына жауап бере отырып, тұлғалық-бағдарлық тәсілді пайдалану;

- алайда, мәдени мәні бар тақырыптарға қатынас жасай білуі мен біліктігінің маңыздылығы туралы ұмытпай, қазіргі заманғы, сөйлесу және жанды тілдерін оқуға баса назар аудару;

- халықтың мәдени және тарихи құндылықтары мен дәстүрлерін жойып жібермей/жоғалтпай, қазіргі жастардың құндылықтарына, қазіргі қоғамның динамикалық дамуына және оның құндылықтарына назар аудару.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Хуторской А. В. Дидактическая эвристика. Теория и технология креативного обучения. М.: Изд-во МГУ, 2003. - 416 с.
2. Барсук Р.Ю. Основы обучения иностранному языку в условиях двуязычия. -М., 1970. - С. 55.
3. Жетписбаева Б. А. Полиязычное образование: теория и методология. – Алматы: Білім, 2011. – 343 с.
4. «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» 1997 ж. 11 шілдедегі № 151-І Қазақстан Республикасының Заңы.
5. Булатбаева К.Н. Scientific-methodic fundamentals of formation multilingual person in schools and institutes of higher education: cognitive-communicative technology of teaching multilingualism // Materials of the international scientific-practical conference «Sciense and Education: no Language Barriers» in three volumes. Pavlodar: PSU after S.Toraigyrov, 2011. – 256 p. – P.105-113.
6. Булатбаева К.Н Когнитивно-коммуникативная технология как условие развития массового полиязычия в учебных заведениях Казахстана // Сб.: Перемены в образовании: новые границы и приоритеты: материалы межд. научн.-практ. конф. – Алматы: АПН Казахстана, 2011. - С. 228-231.

Қосымша

«Геометрия» пәні бойынша 10 сыныпқа арналған ықшамдалған грамматикалық минимум

«Стереометрия аксиомалары» тақырыбын оқу Изучение темы «Аксиомы стереометрии»

Тақырып бойынша пәрменді грамматикалық құрылымдар: Активные грамматические конструкции по теме:

- 1) Планиметрияда жазықтықта жатқан геометриялық фигуралардың қасиеттері оқытылады
В планиметрии изучаются свойства геометрических фигур на плоскости
- 2) *Стереометрия* (грек. stereos – «кеңістіктік», metro – «өлшеймін») – кеңістіктегі фигуралардың қасиеттерін зерттейтін геометрияның бөлімі
Стереометрия (от греч. stereos – «пространственный» и metro – «измеряю») – раздел геометрии, исследующий свойства пространственных фигур
- 3) Стереометрияның мектептік курсы – сызу мен сызба геометриясының негізі
Школьный курс стереометрии – основа черчения и начертательной геометрии
- 4) Стереометрияда жазықтықтар саны көп
В стереометрии различаются много плоскостей
- 5) Жазықтықтың материалдық моделдері ретінде еден бетін, терезейнекте рінің, столдың беттерін және т.б. алуға болады
Материальными моделями плоскости можно взять поверхности пола, оконного стекла, стола и т.п.
- 6) Геометрияда жазықтық шексіз, тегіс бет деп қарастырылады
В геометрии плоскость мыслится неограниченной, идеально ровной и гладкой поверхностью
- 7) Жазықтықты параллелограмм немесе шектелген аймақ түрінде бейнелейді
Изображают плоскость в виде параллелограмма или в виде ограниченной области
- 8) Жазықтықтар грек алфавитінің кіші әріптерімен белгіленеді $\alpha, \beta, \gamma, \delta$ және т.б.
Плоскости обозначают строчными греческими буквами $\alpha, \beta, \gamma, \delta$ и др.
- 9) A нүктесі α жазықтығында жатыр немесе α жазықтығы A нүктесі арқылы өтеді, ол: $A \in \alpha$ деп жазылады
Точка A лежит в плоскости α или плоскость α проходит через точку A , и записывают: $A \in \alpha$
- 10) $A \notin \alpha$ бұл, A нүктесі α жазықтығында жатпайтынын білдіреді
 $A \notin \alpha$ означает, что точка A не лежит в плоскости α
- 11) Кеңістіктегі жазықтықтардың негізгі қасиеттерін білдіретін аксиомалардың S тобын енгіземіз
Вводим группу аксиом S , выражающие основные свойства плоскостей в пространстве
- 12) S_1 . Кез келген жазықтықтың оған тиесілі де және тиесілі емес те нүктелері бар болады
 S_1 . Для любой плоскости существуют принадлежащие и не принадлежащие ей точки
- 13) S_2 . Бір түзуде жатпайтын кез келген үш нүкте арқылы бір ғана жазықтық жүргізуге болады
 S_2 . Через любые три точки не лежащие на одной прямой можно провести только одну плоскость.
- 14) S_3 . Егер үзудің екі нүктесі жазықтықта жатса, онда түзу тұтасымен осы жазықтықта жатады
 S_3 . Если две точки прямой лежат в плоскости, то и вся прямая лежит в этой плоскости

15) Егер a түзуі α жазықтығында жатса, онда ол: $a \subset \alpha$ деп жазылады

Если прямая a лежит в плоскости α , то записывают: $a \subset \alpha$

16) a түзуінің A және B нүктелері β жазықтығында жатыр ($A \in \beta, B \in \beta$)

Точки A и B прямой a принадлежат плоскости β ($A \in \beta, B \in \beta$)

17) C_3 аксиомасы бойынша a түзуі β жазықтығында жатады немесе β жазықтығы a түзуі арқылы өтеді, яғни $AB=a$ және $a \subset \beta$

По аксиоме C_3 прямая a лежит в плоскости β или плоскость β проходит через прямую a , т.е. $AB=a$ и $a \subset \beta$

18) **Қиылысушы түзу мен жазықтық**, ол – бір ғана ортақ нүктелері бар түзу мен жазықтық (21, б-сурет)

Пересекающиеся прямая и плоскость – это прямая и плоскость имеющие только одну общую точку (рис. 21, б)

19) C_4 . Егер әр түрлі екі жазықтықтың ортақ нүктесі бар болса, онда жазықтықтар осы нүкте арқылы өтетін түзу бойымен қиылысады

C_4 . Если две различные плоскости имеют общую точку, то они пересекаются по прямой, проходящей через эту точку

20) C_4 аксиомасы бойынша, егер α және β жазықтықтарының ортақ K нүктесі бар болса, онда K нүктесі арқылы өтетін ортақ c түзуі де бар болады

По аксиоме C_4 , если плоскости α и β имеют общую точку K , то имеют и общую прямую c проходящую через точку K

21) α және β жазықтықтарының ортақ c түзуінен тыс жатқан ортақ нүктелері болмайды

Плоскости α и β не имеют общих точек вне их общей прямой c

22) α және β жазықтықтары c түзуі бойымен қиылысады, ол: $\alpha \cap \beta = c$ немесе $c = \alpha \cap \beta$ деп жазылады

Плоскости α и β пересекаются по прямой c , и записывают: $\alpha \cap \beta = c$ или $c = \alpha \cap \beta$

23) Стереометрияның аксиомалар жүйесі планиметрия аксиомалары мен C_1, C_2, C_3, C_4 аксиомаларынан тұрады

Система аксиом стереометрии состоит из аксиом планиметрии и аксиом C_1, C_2, C_3, C_4

24) Планиметрияда жалғыз жазықтық, ал стереометрияда жазықтықтар саны көп

В планиметрии одна плоскость, а в стереометрии много плоскостей

25) Планиметрияның барлық аксиомалары кеңістіктің кез келген жазықтығында орындалады

Все аксиомы планиметрии выполняются на любой плоскости пространства

26) *Мысал.* Мынадай пайымдау дұрыс па:

Пример. Верно ли утверждение:

а) егер шеңбердің екі нүктесі жазықтықта жатса, онда шеңбер түгел осы жазықтықта жатады

если две точки окружности лежат в плоскости, то и вся окружность лежит в этой плоскости;

б) егер шеңбердің үш нүктесі жазықтықта жатса, онда шеңбер түгел осы жазықтықта жатады

если три точки окружности лежат в плоскости, то и вся окружность лежит в этой плоскости

Шешуі.

Решение.

а-1) пайымдау дұрыс емес

утверждение неверно

а-2) диаметрі AB болатын шеңбер β жазықтығында жатыр және α жазықтығымен AB түзуі бойымен қиылысқан

окружность с диаметром AB лежит в плоскости β и пересекается с плоскостью α по прямой AB

а-3) шеңбердің A және B нүктелері α жазықтығында жатыр, бірақ шеңбер түгел бұл жазықтықта жатқан жоқ

точки A и B окружности лежат в плоскости α , но вся окружность не лежит в этой плоскости

б-1) пайымдау дұрыс

утверждение верно

б-2) шеңбердің A , B және C үш нүктесі α жазықтығында жатыр

три точки A , B и C окружности лежат в плоскости α

б-3) шеңбердің кез келген үш нүктесі бір түзудің бойында жатпайды, онда C_2 аксиомасы бойынша α жазықтығы жалғыз ғана болады

так как любые три точки окружности не лежат на одной прямой, то по аксиоме C_2 плоскость α единственная

б-4) A , B және C нүктелері осы жазықтықта жатыр, онда шеңбер түгел осы α жазықтығында жатады

в этой же плоскости лежат точки A , B и C , то и вся окружность будет лежать в этой плоскости α .

«Аксиомалардың қарапайым салдарлары» тақырыбын оқу **Изучение темы «Простейшие следствия из аксиом»**

Тақырып бойынша пәрменді грамматикалық құрылымдар: **Активные грамматические конструкции по теме:**

1) Аксиомалардан туындайтын салдарларды қарастырамыз

Рассмотрим следствия вытекающие из аксиом

2) Оларды теоремалар түрінде тұжырымдаймыз

Сформулируем их в виде теорем

3) **1-теорема. Түзу мен осы түзде жатпайтын нүкте арқылы бір ғана жазықтық жүргізуге болады**

Теорема 1. Через прямую и не лежащую на ней точку можно провести только одну плоскость

4) *Дәлелдеу.*

Доказательство.

5) a түзуі мен оның бойында жатпайтын D нүктесі берілген

Даны прямая a и не лежащая на ней точка D

б) a түзуінің бойынан кез келген A және B екі нүктені белгілейміз

Отметим на прямой a любые две точки: A и B

7) C_2 аксиомасы бойынша A , B , D нүктелері арқылы α жазықтығын жүргізуге болады

По аксиоме C_2 через точки A , B , D можно провести плоскость α

8) a түзуі мен D нүктесі арқылы өтетін α жазықтығының жалғыздығын дәлелдейміз

Докажем единственность плоскости α , проходящей через прямую a и точку D

9) Кері жорып, a түзуі мен D нүктесі арқылы өтетін екінші бір β жазықтығы бар дейік

Предположим обратное, пусть существует другая плоскость β , проходящая через прямую a и точку D

10) C_4 аксиомасы бойынша α және β жазықтықтары бір түзудің бойымен қиылысады және A , B , D осы түзудің бойында жатулары тиіс

По аксиоме C_4 плоскости α и β пересекутся по одной прямой, и точки A , B , D должны лежать на этой прямой

11) Бірақ бұл шартқа қайшы

- Но это противоречит условию
- 12) Кері жоруымыз дұрыс емес
Обратное предположение неверно
- 13) Теорема дәлелденді
Теорема доказана
- 14) **2-теорема. Қиылысқан екі түзу арқылы бір ғана жазықтық жүргізуге болады**
Теорема 2. Через две пересекающиеся прямые можно провести только одну плоскость
- 15) *Дәлелдеу.*
Доказательство.
- 16) C нүктесінде қиылысатын a және b түзулері берілген
Даны прямая a и b пересекающиеся в точке C
- 17) a және b түзулері бойынан, C нүктесінен өзге A және B нүктелерін белгілейік:
 $A \in a, B \in b$
Выберем на прямых a и b любые точки A и B , отличные от C : $A \in a, B \in b$
- 18) C_2 аксиомасы бойынша A, B және C нүктелері арқылы бір ғана α жазықтығын жүргізуге болады
По аксиоме C_2 через точки A, B и C можно провести только одну плоскость α
- 19) C_3 аксиомасы бойынша α жазықтығы a түзуі арқылы өтеді, өйткені бұл түзудің A және C нүктелері α жазықтығына тиесілі
По аксиоме C_3 плоскость α проходит через прямую a , так как точки A и C этой прямой принадлежат плоскости α
- 20) C_3 аксиомасы бойынша α жазықтығы b түзуі арқылы өтеді, өйткені бұл түзудің B және C нүктелері α жазықтығына тиесілі
По аксиоме C_3 плоскость α проходит через прямую b , так как точки B и C этой прямой принадлежат плоскости α
- 21) α жазықтығы a және b түзулері арқылы өтеді
Плоскость α проходит через прямые a и b
- 22) α жазықтығының жалғыздығын дәлелдейміз
Докажем единственность плоскости α
- 23) a және b түзулері арқылы өтетін екінші бір β жазықтығы бар дейік
Пусть существует другая плоскость β , проходящая через прямые a и b
- 24) 1-теорема бойынша a түзуі мен оған тиесілі емес B нүктесі арқылы өтетін β жазықтығы жалғыз. Ол α жазықтығымен сәйкес келеді
По теореме 1 плоскость β , проходящая через прямую a и не принадлежащую ей точку B единственная. Она совпадает с плоскостью α
- 25) Теорема дәлелденді
Теорема доказана
- 26) C_2 аксиомасынан және дәлелденген теоремалардан, жазықтықты келесідей беруге болатындығы шығады:
Из аксиомы C_2 и доказанных теорем следует, что плоскость можно задать:
- 26-1) бір түзудің бойында жатпайтын үш нүктемен
тремя точками, не лежащими на одной прямой
- 26-2) түзу және оның бойында жатпайтын нүктемен
прямой и не лежащей на ней точкой
- 26-3) екі қиылысқан түзумен
двумя пересекающимися прямыми
- 27) Жазықтықты екі параллель түзумен де беруге болады (§ 3)
Плоскость можно задать и двумя параллельными прямыми (§ 3)

Мазмұны

Кіріспе	3
1 Пәнді көптілді меңгерудің тәжірибесінен	5
2 Пәнді көптілді меңгерудің дидактикалық тұрғысы.	7
3 Тілдік құзыретін және пән бойынша функционалды сауаттылығын дамыту мазмұны, әдістері және нысандары бойынша ұсынымдар	14
Қорытынды	16
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	17
Қосымша	18

Введение

Сегодня, в век технологизации и глобализации, наблюдается активизация процесса поиска эффективных условий, механизмов воспитания подрастающего поколения, способного к диалогу с другими культурами. Действенным инструментом подготовки молодого поколения в условиях взаимосвязанного и взаимозависимого мира является полиязычие.

Концепция расширения сферы функционирования государственного языка, повышения его конкурентоспособности было и будет направлена на улучшение качества обучения государственному языку, обеспечение функционирования государственного языка во всех сферах общественной жизни, повышение его роли как фактора укрепления межнационального согласия и казахстанского патриотизма.

Концепция языковой политики Республики Казахстан определяет русский язык как основной источник информации по разным областям науки и техники, как средство коммуникации с ближним и дальним зарубежьем.

Вместе с тем, интеграция в мировое экономическое пространство не представляется возможной без знания мировых языков, в частности английского языка. В связи с его интенсивным изучением, языковую ситуацию для большинства казахстанцев в полной мере можно обозначить как многоязычную. То есть объективные реалии на сегодня складываются таким образом, что свойственный для казахстанского общества билингвизм постепенно начинает сменяться полиязычием.

Изучение любого языка должно сопровождаться изучением культуры носителей этого языка. Причем этот процесс должен протекать синкретно, не в отдельных плоскостях. В связи с этим было бы правомерно говорить о полилингвокультурном образовании, результатом которого должно стать многоязычие граждан общества. Слагаемыми этого многоязычия должны явиться родной язык, который закрепляет осознание принадлежности к своему этносу, казахский язык как государственный, владение которым способствует успешной гражданской интеграции, русский язык как источник научно-технической информации, иностранный и другие неродные языки, развивающие способности человека к самоидентификации в мировом сообществе.

Поэтому изучение языка как одного из главных индикаторов адаптации человека к новым социально-политическим и социально-культурным реалиям становится в настоящее время актуальной научно-теоретической и научно-практической задачей. Кроме того, объективно возникла необходимость по-новому осмыслить сложившиеся в период независимости традиционные концепции языковой политики и языковой ситуации.

Наиболее рельефно эта проблема применительно к языковой ситуации современного Казахстана отражена в Послании Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева «Новый Казахстан в новом мире», где в целях

обеспечения конкурентоспособности страны и ее граждан предложена поэтапная реализация культурного проекта «Триединство языков», согласно которому необходимо развитие трех языков: казахского как государственного языка, русского как языка межнационального общения и английского как языка успешной интеграции в глобальную экономику.

